

**"Қазақстан Республикасының акционерлік банктерін қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 22 маусымдағы N 1274 қаулысын жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1993 жылғы 10 қарашадағы N 1110

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 22 маусымдағы N 1274 K931274\_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Тұранбанк", "Кредәлеуметбанк", "Қазақстан Әлем Банкі", "Қазагроөнеркәсіпбанк" және "Қазжинақбанк" акционерлік-коммерциялық банктерімен бірлесе отырып екі ай мерзім ішінде жоғарыда аталған банктерді акционерлік банктер етіп қайта құру жөніндегі құрылтай құжаттарын әзірлеуді аяқтасын.

2. Акционерлік-коммерциялық банктерде акциялардың мемлекеттік пайының үлесін анықтағанда банктерді акционерлік-коммерциялық банктер етіп қайта құру мезгілінде олардың жарғылық қорларындағы мемлекеттік қаржы салымы акциялардың мемлекеттік пайы деп есептелсін.

Акционерлік, коммерциялық және кооперативтік банктердің ұлғайтылған жарғылық қорындағы акциялардың мемлекеттік пайының үлесі болып мыналар есептеледі:

- мемлекеттік кәсіпорынға тиесілі акциялар пайы, оның ішінде, егер банктің Жарғылық қорын тексеру сәтінде акционер кәсіпорын (пай төлеуші) мемлекеттік кәсіпорын болып табылса, банкке мемлекеттік жарнадан түскен және оның жарғылық қорын ұлғайтуға жұмсаған түсімі.

Бұдан бұрын сатып алынған акциялар оларды әрі қарай қайта рәсімдеу үшін банкіге қайтарылуға тиіс:

- мемлекеттік мүліктің сатып алынбаған бөлігіндегі бұрынғы мемлекеттік кәсіпорындар негізінде құрылған акционерлік қоғамдар мен ұжымдық кәсіпорындарға тиесілі акциялар пайы, одан түскен түсім қоса алынады. Бұл ретте акционерлік қоғамдардағы жарғылық қорлар мен мемлекеттік пай үлесі тиісінше кемітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ұлттық банкімен бірлесе отырып, жарғылық қорларында мемлекеттік кәсіпорындар салған мемлекет қаржысы бар банктердің басқа құрылтайшыларының жарғылық капиталдарына тексеру жүргізісін. Бұл орайда осы банктердің жарғылық қорларындағы мемлекет қаржысының анықталған салымына сәйкес келетін мемлекеттік пайды рәсімдеу жүзеге асырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті барлық акционерлік, коммерциялық және кооперативтік банктердің жарғылық капиталдарын қайта тіркеп және олардағы мемлекет қаржысының үлесін анықтаудың нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне акциялардың мемлекеттік пакеттерін басқару, иелену және пайдалану құқығын, әр банктің жарғылық капиталындағы мемлекеттік ақшалай салымы мен оның үлесін көрсеткен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің қаулысымен бекіте отырып, беретін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне банктердің мемлекет атынан дауыс беретін Байқаушы кеңестері мүшелерінің кандидатуралары бойынша ұсыныстар енгізісін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіппен Министрлер Кабинетіне Байқаушы кеңестердің мүшелігіне кандидатуралар және осы қаулының 1-тармағында көрсетілген акционерлік банктер басқармаларының төрағалары бойынша ұсыныстар дайындап, табыс ететін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі банктердің бірігу, қосылу, бөліну, жеке шығу және өзгертілу, сондай-ақ жұмысын доғару жолымен қайта құрылуы кезінде мемлекеттік және мақсатты бағдарламаларды орындайтын кәсіпорындар мен ұйымдарды қаржы-кредит тұрғысынан қолдау саясатын жүргізу үшін мемлекеттік банктер немесе меншік нысаны аралас банктер құру туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізісін.

Басым салалардың кәсіпорындары мен ұйымдарын акциялардың бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік банктер арқылы қаржы-кредит тұрғысынан қолдау саясатын жүргізу үшін, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Экономика министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесе отырып республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының 1994 жылға арналған индикативтік жоспарын әзірлеуде:

- мемлекеттік және мақсаттық бағдарламаларды орындаушы нақты кәсіпорындар мен ұйымдарды қолдау үшін кредит жоспары құрамында кредит ресурстарын;
- басым салаларға жеңілдікпен кредит беру үшін мемлекеттік бюджет және Экономикалық өзгерістер қорынан қаражат бөлуді көздейтін болсын.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне банктерден түскен түсім есебінен жеңілдікті кредит беруден келген шығындарды белгіленген тәртіппен өтеуді жүзеге асыру құқығы берілсін.

8. Бөлінген кредит ресурстарының пайдаланылуына бақылау жасау үшін осы қаулының 1-тармағында көрсетілген банктерде инженерлік-техникалық бақылау бөлімдері қалпына келтірілсін.

9. Банктердің бюджет қаржысын пайдаланудан түскен түсімдері 1993 қаржы

жылындағы банктердің жұмыс нәтижелерінен бастап, толығымен бюджет кірісіне аударылатын болып белгіленсін.

10. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің қолданылып жүрген заң және нормативтік актілеріне тиісті өзгерістер енгізу туралы ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК